


Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Ж.К.Асановқа

Көшірмесі: Қызылорда облыстық
сотының төрағасы Қ.Нурышевқа
(мәлімет үшін)

Өтініш білдіруші: Рахымов Куаныш Серікбайұлы



Ө Т І Н І Ш

(алғыс жариялау жөнінде)

Құрметті Жоғарғы Сотының Төрағасы Жақып Кажманович!

Осы өтінішім арқылы Сізден Сіздің қарамағыңыздағы Қызылорда облысы, Шиелі аудандық сотының судьясы **Айдос Кәрібайұлы Жолдыбаевқа** сот әділдігін жүзеге асырған үшін, оған алғыс жариялауыңызды сұраймын.

Мен, Рахымов Куаныш Серікбайұлы, 23.07.2018 жылы Қызылорда қаласының тұрғыны Төлен Ғани Төленұлынан «TOYOTA CAMRY» маркалы мемлекеттік номері 473 HEA 11 санды, 2014 жылы шығарылған автокөлікті 6 350 000 (алты миллион үш жүз елу мың) теңгеге сатып алдым.

Автокөлікті мүгедек атамның ақшасына сатып алдық, брақта ол кісі күйеу баласы атына, яғни менің атыма құжаттарды рәсімдеді. Автокөліктің мемлекеттік тіркеу №202 FSA 11 болды.

Сөйтіп «TOYOTA CAMRY» маркалы автокөлік менің жеке меншігім болды.

Өзім және қайны атам автокөлікті 2018 жылдың тамыз, қыркүйек, қазан айларында айдап жүрдік.

09.11.2018 жылы маған полиция қызметкерлері келіп, менің атымда тұрған Тайота Камри-55 үлгісіндегі 202 FSA 11 автокөлік іздеуде және шектеуде тұрғанын түсіндіріп айтты.

Мен қайны атаммен бірге автокөлікті **04.12.2018** жылы, өз еркімізбен, Шиелі ауданының полиция бөліміне әкеліп тапсырдық. Маған бізден машинаны шектеуге алған жөнінде тергеуші Ж.Елеуов 14 қараша 2018 жылы менің автокөлігімді заттай дәлелдеме ретінде алынған жөнінде қаулы берді.

Сөйтіп, өзімнің автокөлігіме өзім еге болу құқығымнан айырылдым.

Мен- автокөліктің 9-шы егесімін. Оны сатып алғанда автокөліктің барлық құжаттары дұрыс және заңды болған. Мен адал сатып алушымын.

Жасалған қылмысқа менің ешқандай қатысым жоқ, ал менің Ата заңымызбен, Конституция мен қорғалатын құқығым бұзылып, **өзімнің жеке меншік автокөлігімнен айырылып қалдым.**

Шиелі аудандық Ішкі Істер Басқармасы аса ірі мөлшерде зиян келтіріп алаяқ жасаған үшін күдікті деп танылып жатқан Мұхамедәліұлы Ержан және ол ҚР ҚК-нің 190 бабының 4 бөлігімен қылмыстық жауапқа тартылып, ісі Шиелі аудандық сотына қарауға жолданған жөнінде хабар берді.. Ал менен алынған **-6 350 000 (алты миллион үш жүз елу мың) теңге тұратын автокөлігім Е.Мұхамедәліұлымен жасалған қылмыспен байланысты менен алынып, оған тиым салынды.**

Қызылорда облысы Шиелі аудандық сотының 29 шілде 2019 жылғы үкімімен Ержан Мұхамедәліұлы ҚР ҚК-нің 190 бабының 4 бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Ал қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде танылып, іске қоса тіркелген менің «*TOYOTA CAMRY*» маркалы мемлекеттік тіркеу белгісі номері 202 FSA 11 автокөлігімді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешілуге сотпен қалдырылған.

Жоғары аталған Үкім Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сотының 04 қазан 2019 жылғы №1а-174/19 санды қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған.

Қаулы заңды күшіне енген.

Сондықтан менің автокөлігімді қайтару жөніндегі талабымды азаматтық ретінде соттан қарауды сұрадым.

Менің талап арызым бойынша Қызылорда облысы Шиелі аудандық сотының 24 маусым 2020 жылғы №4352-19-00-2/1031 санды шешімімен мен жоғары аталған автокөлігінің **адал алушы** деп танылғанымен, алайда Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер сот алқасының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі 4399-20-00-2а/844 санды Қаулысымен аталған шешім бұзылды.

Менің автокөлікті қайтару, автокөліктің тіркеу құжаттарымен кілтін қайтару жөніндегі талап арызымды қайталап Қызылорда облысы Шиелі аудандық сотының судьясы Жолдыбаев А.К. қарады. Судья жоғарғы аталған істі жан-жақты объективті қарады. Жауапкердің, біздің жауаптарымызды тындап, жауапкерге құжаттарын толтыруға, қосымша өтініштерін тапсыруға уақыт беріп, азаматтық іс бойынша жиналған дәлелдемелерге дұрыс баға беріп, өзінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №4352 - 20 - 00 - 2 а / 837 санды шешімімен менің талап арызым қанағаттандырылды. **Судья автокөлікті,кілті мен тіркеу құжаттары қайтарылсын деп әділ шешім қабылдады.**

Аталған шешім 2021 жылғы 2 қыркүйекте Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы мен қаралды.

Төрағалық етуші судья Гульсим Ахметовна Танатова, судьялар Нұрлыбек Оразбаевич Қосанов, Мухтар Жусипбекұлы Еркінбеков болып бірінші саты сотының шешімі істің нақты мән жайларына сәйкес, материалдық құқық нормалары дұрыс қолданыла отырып, тараптардың уәждеріне тиісті баға берілгені жөнінде тұжырымға келіп, судья А.К.Жолдыбаев шығарған шешімін заңды және негізді деп санап, оны өзгеріссіз қалдырды.

Сөйтіп, **2 (екі жыл) 9 (тоғыз) ай**, мен ешқандай қылмысқа қатысым жоқ адам бола тұра, адал сатып алушы бола тұра, аталған соттардың заңды қаулыларымен Қызылорда облысы Шиелі аудандық полиция басқармасында сақталып келген көлігімді алдым.

Қатты қуандым, ең-бірінші, көлікті мүгедек атама апарып бердім. Менің кінәм болмағанымен, ол кісінің көзіне қарауға 3(үш) жылдай баталмай, уялып жүр едім. Себебі ол кісі терген-жинағанына көлік сатып алғанда, оны біз дәрігерлерге апарып туратынымызға сенімді еді, ал жылдар өткен сайын үмітін үзген еді.

Мен әйелім екеуімізде қатты қиналып кеттік.

Сондықтан Сізге **сөзбен** жүрегіміздегі қуанышымызды, судья А.К.Жолдыбаевқа ризашылығымызды жеткізуге қиындыққа соғып тұр.

Оның абыройлы қызметімен кәсіби біліктілігіне алғысымды білдіруге Шиелі аудандық сотына барып едім, мені ол кісіге соттың приставтары кіргізген жоқ.

Сондықтан **Қазақстан Республикасының ең үлкен судьясы, Жоғарғы Сотының төрағасы - Сізге** осы өтінішімді жолдап,

С Ұ Р А Й М Ы Н:

1. Қызылорда облысы, Шиелі аудандық сотының судьясы А.К. Жолдыбаевқа сот әділдігін жүзеге асырғаны үшін, **қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін оған алғыс жариялауды өтінемін.**
2. Сізге, Сіздің қарамағыңыздағы соттарға, солардың ішінде Қызылорда облысы Шиелі аудандық сотының судьясы А.К.Жолдыбаевқа, Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьялары Г.А.Танатоваға, Н.О.Қосановқа, М.Ж.Еркінбековқа сот әділген жүзеге асыру барысында жақсы жетістіктерге қол жеткізуге, еңбектеріңізге табыс, зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін.

Тіркеледі:

1. 2021 жылғы 24 мамырдағы №4352 - 20 - 00 - 2 а / 837 санды Қызылорда облысы Шиелі аудандық сотының шешімі.
2. 2021 жылғы 02 қыркүйек №43 99 - 21 – 00 – 2 а / 15 52 санды Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысы.
3. Сурет.
4. Жеке куәліктің көшірмесі.

Өтініш иесі:

27.09.2021ж.

 **К.Рахымов.**